



Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашылық тобы, саяси партия мүшелері тізімдерінің дұрыстығын тексеру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 427 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 маусымда № 32916 болып тіркелді.

"Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашылық тобы, саяси партия мүшелері тізімдерінің дұрыстығын тексеру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

А. Ескараев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік күзет қызметі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы соты

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2023 жылғы 29 маусымдағы
№ 427 Бұйрығымен
бекітілген

Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашылық тобы, саяси партия мүшелері тізімдерінің дұрыстығын тексеру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашылық тобы, саяси партия мүшелері тізімдерінің дұрыстығын тексеру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – тіркеуші орган) лауазымды адамдарының тексеріс жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Тіркеуші органның лауазымды адамдары тексеріс жүргізу кезінде өздерінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

2. Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашылық тобы, саяси партия мүшелері тізімдеріне қойылатын талаптар

3. Саяси партия құру жөніндегі азаматтардың бастамашылық тобының және саяси партия мүшелерінің тізімдерінің (бұдан әрі – тізімдер) дұрыстығын тексеру:

1) бастамашылық топ үшін саяси партия құру ниеті туралы хабарлама берген кезде "Саяси партиялар туралы" Заңның 6-бабына сәйкес хабарлама алынған күні;

2) саяси партия мүшелері үшін "Саяси партиялар туралы" Заңның 10-бабында көзделген құжаттарды тапсырған кезде жүзеге асырылады.

4. Тізімдерде көрсетілген адамдар он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары болуы тиіс.

Саяси партияға шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың мүше болуына, сондай-ақ ұжымдық мүшелікке жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматы тек бір ғана саяси партияның мүшесі бола алады.

Саяси партияға мүшелік ерікті, жеке және тіркелетін тәртіпте болады.

Саяси партияға қабылдау жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезеңде саяси партияда болмауға тиіс.

Қазақстан Республикасы Вице-Президенті, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен жұмыскерлері, әскери қызметшілер саяси партияның мүшесі болуға, қандай да бір саяси партияны немесе қоғамдық-саяси қозғалысты қолдап не айыптап сөз сөйлеуге құқылы емес.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерді қоспағанда, тағайындалған, сайланған, қызметке қабылданған күннен бастап он күн ішінде саяси партиялардан шығуға міндетті.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 17.06.2026 № 570 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Саяси партия құруға бастамашылық жасайтын тізімдердегі азаматтардың саны астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың үштен екісінің өкілдері болып табылатын кемінде жеті жүз адамды құрауы тиіс.

Тізімдерде көрсетілген саяси партия құрамының жалпы саны бес мың партия мүшесінен кем болмауға тиіс, олар партияның астанадағы, барлық облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы кемінде екі жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік етеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 17.06.2026 № 570 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тізімдерді тексеру тәртібі

6. Тізімдер тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштерде табыс етіледі.

7. Тіркеуші органның лауазымды адамдары тізімдерді тексеруді өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады.

8. Өздерінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында тіркеуші органның саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) саяси партия мүшелерінің қажетті саны бар екендігін растайтын құжаттарын талап етуге немесе оларға рұқсат алуға құқығы бар.

9. Ұсынылатын тізімдерге қатысты осы Қағидаларда белгіленген талаптардың сақталуын тексеру:

- 1) саяси партия құру ниеті туралы хабарлама келіп түскен кезде;
- 2) саяси партияның құжаттары мемлекеттік тіркеуге түскен кезде;
- 3) арыздар, өтініштер, шағымдар, хабарламалар мен өзге де ақпарат түскен кезде олардың дұрыстығы тұрғысынан жүргізіледі.

10. Тізімдерді тексеру рәсімі:

- 1) өңірлер бойынша тізімдердегі азаматтардың санын олардың осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген саны тұрғысынан тексеруді;
- 2) тізімдердің тіркеуші орган белгілеген нысанына сәйкестігі мәніне тексеруді;
- 3 Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі бойынша тізімдерде көрсетілген адамдарды Қазақстан Республикасының азаматы болуы тұрғысынан тексеруді;
- 4) тізімдерде көрсетілген адамдарды осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкестігі тұрғысынан тексеруді қамтиды.

11. Ұсынылған тізімдер осы Ережеге сәйкес келмеген жағдайда тіркеуші орган Қазақстан Республикасы заңдарының кесімдерінде көзделген негіздер бойынша саяси партияны мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 17.06.2026 № 570 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен саяси партия мүшелерінің саны осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда саяси партияның қызметі соттың шешімі бойынша заңнамада белгіленген мерзімге тоқтатыла тұрады.

Саяси партияның қызметін тоқтата тұру үшін негіз болған тәртіп бұзушылықты сот белгілеген мерзімде жоймаған жағдайда саяси партия соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

